

Облыс әкімінің 2000 жылғы 19 қаңтардағы "Облыс бюджетінен қаржыландырылатын бағдарламалар мен кіші бағдарламалардың тізбесі туралы" N 17 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімінің шешімі 2000 жылғы 11 желтоқсандағы N 286 Павлодар облысының әділет басқармасында 2001 жылғы 15 қаңтарда N 555 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 3 шешімімен.

Облыс әкімінің 2000 жылғы 5 сәуірдегі "2000 жылы шаруа (фермер) қожалықтары мен басқа да ауылшаруашылық құрылымдары басшыларын шаруашылықты жүргізудің нарықтық әдістеріне баулу жөнінде семинарлар ұйымдастыру туралы" N 79 және 2000 жылғы 7 шілдедегі "Павлодартелерадио" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның кейбір мәселелері туралы" N 153 шешімдерін орындау мақсатында, сондай-ақ жаңа бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін ШЕШІМ қабылдаймын:

Облыс әкімінің 2000 жылғы 5 сәуірдегі N 78, 2000 жылғы 4 мамырдағы N 112 , 2000 жылғы 19 шілдедегі N 167 және 2000 жылғы 18 қыркүйектегі N 217 шешімдерімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген облыс әкімінің 2000 жылғы 19 қаңтардағы "Облыс бюджетінен қаржыландырылатын бағдарламалар мен кіші бағдарламалардың тізбесі туралы" N 17 шешіміне мынадай толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған шешіммен бекітілген қосымшада:

3-тармағының 3, 4, 5-бағандары тиісінше мынадай мазмұнындағы жолдармен толықтырылсын:

8.3.105.47.00"; "Жергілікті деңгейде теледидар арқылы мемлекеттік ақпараттандыру саясатын жүргізу"; "Мемлекеттік тапсырыс";

"10.9.105.36.00"; "Топограф-геодезиялық жоспарларды құру мен жаңарту"; "Мемлекеттік тапсырыс";

13-тармағының 3, 4, 5-бағандары тиісінше мынадай мазмұнындағы жолмен толықтырылсын:

"13.3.272.31.00"; "Жергілікті деңгейде шағын кәсіпкерлікті қолдауды ұйымдастыру"; "Мемлекеттік тапсырыс".

Облыс әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК